

Key words: agriculture, import substitution, competitiveness, dairy products, butter, raw materials, import, quality, production, milk powder, domestic producers.

Кестеде Қазақстандағы сары май өнімдері бойынша көрсеткіштердің 2000-2015 жж. аралығындағы статистикалық мәліметтері берілген. Жалпы сары май өнімдерінің жыл сайынғы көлемі бір қалыпты емес. Мысалы, 2010 жылы 2005 жылға қарағанда сары май көлемі 344 пайызды құраса, 2015 жылы 2010

жылға қарағанда өнім көлемі 39 пайызды құраған. Ол тікелей тұтынушылардың сары май өніміне деген сұранысына байланысты екенін білдіреді. Тағы бір жәйт, сары май көлемінің төмендеуі импортпен әкелінетін сары май өнімдерінің көлеміне де байланысты. Себебі тұтынушылар көбінесе импорттан әкелінетін сары май өнімдерін тұтынады, сол себептен отандық сары май өнімдерінің көлемі азаяды. Келесі қарастырылған көрсеткіш өнімді сатудан түскен табысты білдіреді. Өндірілген өнім көлемі мен өнімді сатудан түскен табыс бір - біріне байланысты көрсеткіш болып саналады.

Сары май өндіретін кәсіпорындар нарықта өткізе алатын өнімдердің көлемінде ғана өнімдерді өндіруі тиіс. Өнімді сатудан түскен табыстың және өндіріс көлемінің өсу қарқыны кәсіпорындардың рентабельділігіне, табыстылығына және де шығындардың құнына әсер етеді. Ал статистикалық мәліметтерге сүйенсек, импорттан әкелінетін сары май өнімдерінің көлемі отандық өнімдерінен әлдеқайда төмен. Сонда да біздің тұтынушылар импорттан әкелінетін сары май өнімдерін таңдайды. Себебі импорттан әкелінетін сары май өнімдерінің сапасы жоғары.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының 2000-2015жж. аралығындағы сары май өндірісі мен өткізу көлеміне әсер ететін көрсеткіштер динамикасы

Көрсеткіштер	Жылдар				Ауытқулар, +/-		Өсу қарқыны, %	
	2000	2005	2010	2015	2015-2000	2015-2010	2015-2000	2015-2010
Сары май өнімдерінің жалпы көлемі, тонна	113	127	437	171	58	-296	51	-61
Сары майдың орташа бағасы, мың тг.	419	524	804,1	1367	948	562,9	226	70
Өнімді өткізуден түскен табыс, мың тг.	47347	66548	351348	233757	186410	-117591	393	-34
Импорттан әкелінетін сары майдың көлемі, тонна	98	95	290	87	-11	-203	-12	-70
Импорттық сары май өнімдердің отандық сары май өнімдеріне қатынасы, %	87	74	66	51	-36	-23	-	-
Ескерту: Мәліметтер статистика Агенттігінен алынған								

Көбінесе импорт өнімдерін әкелетін мемлекеттер: Ресей, Қырғызстан, Украина. Жалпы нарықта импорттық сары май өнімдерінің үлесі төмен болса да, отандық кәсіпорындармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті болып саналады [5].

Енді жалпы мемлекетімізде сары май өндірісінің көлеміне әсер ететін факторларды

қарастырайық. Осы мәліметтер негізінде корреляциялық талдау жүргізейік.

Корреляциялық талдау факторлардың өзара тығыз байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Сары май өндірісіне әсер ететін факторларды төмендегі корреляциялық кестеде (Кесте 2) көрсетілген.


Кесте 2 – Корреляция коэффициенттерінің матрицасы

	Y	x1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8
y	1								
X1	0,95	1							
X2	0,70	0,85	1						
X3	-0,096	-0,24	-0,37	1					
X4	0,68	0,57	0,35	-0,26	1				
X5	0,20	0,38	0,75	-0,17	-0,068	1			
X6	0,62	0,70	0,71	-0,49	0,49	0,40	1		
X7	0,55	0,70	0,97	-0,40	0,30	0,84	0,69	1	
X8	0,71	0,83	0,94	-0,40	0,40	0,77	0,67	0,91	1

Нәтиже. Жоғарыдағы корреляциялық кестеде көрсетілгендей, сары май өнімдерінің жалпы көлемі, қатты сүттің импортымен X_4 (0,68) және сары майды сатудан түскен табыспен X_1 (0,70) корреляциялық тығыз және тура байланыс бар екені көрсетілген. Себебі, корреляция коэффициенті 0,95-ке тең. Экономикалық тұрғыдан өнім көлемі ұлғайған сайын сатудан түскен табыс та өседі. Бұл екі көрсеткіштің өзгеруі бір-біріне байланысты. Сары май өнімінің көлемі мен сары майдың бағасы арасында корреляциялық байланыс бар екені көрсетіліп отыр. Бірақ ол жалған байланыс, себебі экономикалық мағынада қарастыратын болсақ, баға өнім көлемінің ұлғаюуына әсер етпейді. Ал өңделген сүт өнімдерінен X_3 дайындалатын сары май, керісінше, кері байланысты (-0,096) көрсетіп отыр. Бұл отандық кәсіпорындар сары май өнімдерін сүттен өндірмейтінін білдіреді. Корреляциялық

талдау барысында өңделген сүт өнімдерінің көлемі төмендеген сайын, сары майдың көлемі өсіп отырғанын көрсетеді. Сол себептен зерттеу барысында сары май өнімдерінің көлемі тікелей импортталатын құрғақ сүтке байланысты екенін көріп отырмыз. Ол сары май өнімдері импортталатын құрғақ сүттен дайындалынатынын білдіреді. Бірақ мал шаруашылығы категориясы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнімі X_7 , бір сиырдан сауылған сүттің орташа жылдық өнімділігі X_6 факторымен байланысты екені көрсетіліп тұр. Бірақ, зерттеу нәтижесі бойынша модель адекватты емес және экономикалық маңыздылығы жоқ.

Талқылау. Төмендегі суретте сары май өндірісінің сары майды сатудан түскен табыспен және қатты сүттің импортымен байланысы (Сурет 1) көрсетілген.



Сурет 1 – 2000-2015 жж. аралығындағы тығыз байланысы бар факторлардың графигі

Корреляциялық кестеде коэффициенттердің мәні графикпен сәйкес келеді. X_1 мен X_4 факторларын алатын болсақ, сары май өнімдерінің көлемі, 1- кестеде көрсетілгендей, әр жылдары бірқалыпты өспеген. Кейбір жылдары өнім көлемі жоғары болса, келесі жылдары күрт төмендеген. Бұл жәйт тұтынушылардың импорттық сары май өнімдерін көбірек тұтынуына байланысты болуы мүмкін.

1-ші суретте көрсетілгендей, келесі тығыз байланысы бар фактор, қатты сүт импорты, яғни импортталатын құрғақ сүт және өнімді сатудан түскен табыс. Өнімді сатудан түскен табыс баға мен өндірілген өнім көлеміне байланысты өзгереді. Жалпы біздің отандық кәсіпорындарымыз, көбінесе сары май өнімдерін импортталатын құрғақ сүттен өндіреді екен. Ал импорттан әкелінетін сары май өнімдері таза сүттен өндіріледі. Сол үшін отандық сары май өнімдері бәсекеге

қабілетті емес. Себебі құрғақ сүттен дайындалатын сары май өнімдерінің сапасы төмен [6].

Детерминация коэффициенті, сары май өндірісіндегі өзгерістер, сары май бағасының өзгеруі мен қатты сүт импорты көлемінің ұлғаюуына байланысты екенін көрсетеді (детерминация коэффициенті $R^2 = 0,93$).

Модель адекватты, себебі $F = 99,3 > F_{кр} = 4,3$. Стьюдент критеріі $T_{x1} = 10,06 > t_{кесте} = 2,01$; $t_{x4} = 3,06 > t_{кесте} = 2,43$, яғни коэффициенттердің барлығы статистикалық жағынан маңызды болып табылады.

Регрессиялық теңдеу бойынша болжам жасаймыз:

$$Y = 66,35 + 0,0005x_1 + 0,004x_4$$

Сонымен, регрессиялық талдаудың барлық шарттары орындалды. Және де шыққан теңдеу арқылы Қазақстандағы сары май өндірісінің дамуы туралы болжамдар жасауға

мүмкіндік береді. Сондықтан сары май өндірісі болжам бойынша 2017 жылы – өнімді өткізуден түскен табыс (Х1) - 300000 мың тенге, ал құрғақ сүттің импорты - 9000 тонна болған кезде, сары май өндірісінің көлемі - 273, 5 тонна болатынын болжауға болады.

Болжауды өткізу шарттары бойынша, өнімді сатудан түскен табыс жыл сайын өсіп келе жатыр, ал қатты сүт импорты факторы бойынша 2014 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 30 %-ға кемитінін болжауға болады.

Жалпы жүргізілген зерттеулер бойынша келесідей қорытынды жасауға болады:

- отандық сары май өндірісі импорттық қатты сүтке тәуелді. Сол себептен импортталатын сары май өнімдерімен отандық кәсіпорындардың өнімдерімен бәсекелесе алмайды;

- қазақстандық кәсіпорындар өндіретін сары майдың сапасы төмен. Егер отандық өндірушілеріміз сары май өнімдерін құнарлылығы және сапасы жоғары, табиғи, таза сүттен өндіретін болса, онда тұтынушылар өз отандық өнімдерін таңдаған болар еді.

Көптеген өндірушілер сары май өнімдерінің сапасына көңіл аудармайды, себебі импортталатын қатты сүт өнімдері арзан. Ал табиғи сүттен өндірілетін сары май өнімдері көптеген өндіріс сатыларынан өтуді қажет етеді, сол үшін көп уақыт және қаражатты талап етеді. Сондықтан отандық өндірушілер тезірек пайда табу мақсатында, шығыны аз жолдарды іздейді. Ал тұтынушылардың талғамы ең бірінші өнімнің сапасына байланысты екені анық.

Қазақстандық нарықта импорттық тауарларға тәуелділікті жою үшін отандық кәсіпорындар өнімдерін бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Егер кәсіпорындардың өнімдері бәсекеге қабілетті болса, онда отандық өндірушілердің импорттық тауарларды алмастыра алады. Себебі, кәсіпорынның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі – нарықта тиімді ресурстарды пайдалана отырып бәсекеге төтеп беру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру қабілеттілігі. Ал отандық кәсіпорындардың өнімдері бәсекеге қабілетті болу үшін өнімдері сапасы жоғары болуы тиіс.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1 Секторальный анализ промышленно-сти Казахстана на предмет конкурентоспособности // АО «Казахстанское контрактное агентство». – Астана, 2011.- С.12-16.

2 Дадабаева Д.М. Повышение конкурентоспособности промышленных предприятий Республики Казахстан: автореф. дис. канд.экон.наук. – Алматы, 2009. - С. 3-6.

3 Саханова Г.Б. Развитие конкурентоспособности экономики Республики Казахстан: проблемы и перспективы: автореф. дис. канд.экон.наук. – Алматы, 2012 г. – 15 с.

4 Казешев А.К. Математика для экономистов // Учебник.- Алматы: Экономика, 2011.- С.56-67

5 Сүндетұлы Ж., Исмаилова А.С., Нөкешева А.Ж. Қазақстан Республикасы аграрлық секторын дамыту басымдықтары. - Алматы, 2016. – 16 б.

6 Қожахметова Г.А. Қазақстан Республикасы сүт өнімдері рыногын дамыту // Аграрлық нарық проблемалары.- 2016.- №4.- 82 б.

Pajdalynған әdebietter tizimi

1 Sektoral'nyj analiz promyshlennosti Kazahstana na predmet konkurentosposobnosti // АО «Kazahstanskoe kontraktное agentstvo». – Astana, 2011.- S.12-16.

2 Dadabaeva D.M. Povyshenie konkurentosposobnosti promyshlennyh predpriyatij Respubliki Kazahstan: avtoref. dis. kand.jekon. nauk. – Almaty, 2009. - S. 3-6.

3 Sahanova G.B. Razvitie konkurentosposobnosti jekonomiki Respubliki Kazahstan: problemy i perspektivy: avtoref. dis. kand.jekon. nauk. – Almaty, 2012 g. – 15 s.

4 Kazeshev A.K. Matematika dlja jekonomistov // Uchebник.- Almaty: Jekonomika, 2011.- S.56-67

5 Syndetuly Zh., Ismailova A.S., Nokesheva A.Zh. Kazaqstan Respublikasy agrarlyq sektoryn damytu basymdyqtary. - Almaty, 2016. – 16 b.

6 Qozhahmetova G.A. Kazaqstan Respublikasy syt өnimderi rynogyn damytu // Agrarlyq naryq problemalary.- 2016.- №4.- 82 b.

